

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, ӘУЕЗОВ АУДАНЫ ,  
ЖШС «частный детский сад «Айсана»»**

**«АЙСАНА» БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ  
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**2023 жыл**

## Мазмұны

- ❖ Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- ❖ Мамандар құрамын талдау
- ❖ Тәрбиешілер контингенті
- ❖ Оқу-әдістемелік жұмыс
- ❖ Оқу-тәрбиелік жұмыс
- ❖ Оқу-материалдық активтер
- ❖ Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
- ❖ Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
- ❖ Фылыми-зерттеу жұмысы
- ❖ Педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың жауап берген сауалнамалардың талдауы
- ❖ Өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау
- ❖ Қосымша-5
- ❖ Қосымша-6

**ЖАУАПКЕРШІЛГІ ШЕКТЕУЛІ  
СЕРІКТЕСТІГІ  
«частный детский сад «Айсана»  
БҮЙРЫҚ**

**ТОВАРИЩЕСТВО  
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ  
«частный детский сад «Айсана»  
ПРИКАЗ**

Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Алмас ықшам ауданы, 134 үй, e-mail: janna.9999@mail.ru.

**№ 1**

**« 15 » Қантар 2024 ж.**

**Балабақшаны өзін-өзі бағалаудың  
ұйымдастыру және өткізу туралы**

«Білім» туралы Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандығы №124 бүйрығына, 2023 жылға арналған аттестаттау кестесіне сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. «\_Айсана\_» балабақшасы ЖШС жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі аттестаттау өткізілсін.

2. Балабақшаны өзін-өзі аттестаттаудан өткізуіне байланысты кешенді –мақсатты жоспар әзірленсін.

3. Балабақшаны өзін-өзі аттестаттауды өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Онгарбаева Ж.Б. – комиссия төрағасы

мүшелері:

Смагулова А.А. - балабақша әдіскері.

Қасымбек А.Т. – тәрбиеші.

Абдықашова С.Ж. – тәрбиеші.

4. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалаудың жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.

5. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалаудың ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

6. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Менгеруші**

**Кырманшина Д.С.**

**Алматы қаласы , Әуезов ауданы,  
ЖШС «Айсана» балабақшасы  
өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы**

**1. Білім беру үйімінің жалпы сипаттамасы**

«Айсана» балабақшасы өзіндік бағалау 2024 жылдың 03 қаңтары мен 31 қаңтар аралығында өтті.

Алматы қаласы , Әуезов ауданы, **А л м а с ы қ ш а м а у д а н ы**, 134 үй ЖШС «Айсана» балабақшасы 2016 жылдың 20 қаңтарына бастап жұмыс істейді.

Фимарат түрі типтік – 2 қабатты.

Жер көлемі- 535,0 шаршы м. га

Жоба қуаттылығы- 75 орын.

Оқыту тілі-қазақ тілінде 2 топ (ересек, ортаңғы) Қазіргі таңда балабақшада 4 топ жұмыс істейді. НОБД есебі бойынша- 75 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған.

Балабақшада жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері -сағат 07.30-дан 18:00-ге дейін. Сенбі, жексенбі демалыс күндер. Балабақша қазіргі заманға сай ашық ойын алаңы, балалардың жас ерекшелігіне, заман талабына сай жабдықталған топтар бар. Сондай-ақ асхана , тамақтану, кір жуатын бөлмелері жыл бойы қызмет атқарады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 жылғы № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі үйімдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтарымен қамтылған серуен алаңдары бар. Педагогикалық ұжымының жұмысы Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына(2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 ҚР БФМ), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына) ҚР Оқу-ағарту министрі

2022 жылғы 14 маусымдағы № 391 бүйрігінде), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (КР оқу-агарту министрі 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бүйрігі) сәйкес ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

-Өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар:

-Апталық циклограмма:

-Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.

(бастапқы қыркүйек айында, аралық-қантар айында, қорытынды-мамыр айында).

Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінде педагогтар дамытушы ойындары мен әр түрлі ойын түрлері мен технологиясын, оқу қызметтерінде жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Тәрбиеленушінің шығармашылық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру барысында жұмыс жүргізіледі. Балалардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, жобалау, таным процестерін анықтау үшін үнемі әртүрлі әдіс-тәсілдер, әңгімелесу әдістері қолданылады. Оқу-тәрбие жұмыстарында алгоритм кестесі, жеке және дербес жұмыстар арқылы оқыту шараларын үнемі пайдаланып отырамыз. Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық, мазмұндық-рөлдік ойындар мен қимылды және ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, логикалық ойлаудың шығармашылығын дамытамыз.

Балабақшаның ауласына экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандыру мақсатында гүлді алаңқайлар, қызғалдақтар мен раушан гүлдері отырғызылған.

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық-гигиеналық жұмыстар оң жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталып отырады. Жұқпалы ауруларды болдырмау үшін сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Емдік жұмыстары балабақша медбикесінің нұсқауымен жүргізіледі. Балаларға жыл бойы «С» витаминін тағамға қосып, жемістер мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп түрады. Медбике балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Балабақша

тәрбиеленушілер үйқыдан кейінгі шынықтыру шараларын майтабандылыққа арналған жолақшаларымен күнделікті шынықтыру шараларын жасайды. Ата-аналарға да аурудың алдын-алу үшін пайдалы кеңестер мезгілге сай беріліп отырылады. Қызметкерлер уақытылы медициналық тексеруден өткізіліп отырылады.

Балалар балабақшага төмендегі құжаттар бойынша қабылданады.

**Балалардың жеке құжаттары:**

1. Электронды порталдан алынған жолдамалар;
2. Медициналық анықтама;
3. Өтініш
4. Туу туралы күеліктің көшірмесі;
5. Ата-аналарының жеке күелік көшірмесі;
6. Ата-аналармен келісім шарты.

Балабақшада оқу -тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талabyна сай құнды пікірлер айтылады.

Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары үнемі ұйымдастырылып тұрады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Әртүрлі спорттық мерекелер ұйымдастырылып тұрады. Топтар заман талabyна сай ақпараттық технологиялармен, әдістемелік кітаптармен және ойыншықтарымен жабдықталған.

Балабақшага қызметкерлердің жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттар талап етіледі:

**Қызметкерлердің құжаттары:**

- ✓ Еңбек келісім шарты;
- ✓ Еңбек кітапшасы;
- ✓ Жеке тұлға қағазы;
- ✓ Диплом көшірмесі;
- ✓ Жеке күелік көшірмесі;
- ✓ Санитарлық кітапшасы;

- ✓ Сотталмағаны туралы анықтама;
- ✓ Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама;
- ✓ Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама;

Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: Ата-аналармен «Айсана» балабақшасы арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді.

ҚР Білім беруді барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, ЖШС «Айсана» Жарғысын басшылықта ала отырып, бір жағынан «Айсана» балабақшасының менгерушісі, екінші жағынан ата-ана осы келісім - шартқа қол қояды.

Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:

- ✓ Жалпыға жағдай;
- ✓ Келісім шарт мәні;
- ✓ Балабақшаның құқықтары мен міндеттері;
- ✓ Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері;
- ✓ Төлемақы тәртібі мен мөлшері;
- ✓ Бала орнының сақталу тәртібі;
- ✓ Басқа жағдайлар.

«Айсана» балабақшасы ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар (жеке іс-қағазы 3x4 фотосуретімен, өмірбаяны, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама) жинақталған. Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары менгеруші кабинетінде сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен балабақша менгерушісі әр уақытта техникалық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақша қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен «Өндірістік кеңес» отырысында таныстырылды. Бұйрық кітаптары мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп, мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары сандық құрамына талдау жұмыстары үнемі жүргізілуде. Мектепке дейінгі

педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігін тексерілді.

Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төл құжаттары:

- ✓ Занды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы талоны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама
- ✓ Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН): № 160140015904;
- ✓ Техникалық паспорт, 04.02.2022 жыл;
- ✓ Рұқсат беру құжаттары: Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: №KZ61RVK00014230 берілген күні 11 шілде 2017 жылы.
- ✓ Жер пайдалануға Акті: № 0053996.

Мекеме атауы	Мекен-жайы	Телефон	Менгерушінің аты-жөні	Instagram
ЖШС «частный детский сад «Айсана»»	Алмас ықшам ауданы, 134 үй	87078385555	Онгарбаева Жанна Байкадамовна	detskiysad_aysana

## 2. Мамандар құрамын талдау

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, езін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде

педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымы сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларында, оқу қызметінде көлемінің терең-тендігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру - білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігі мен біліктілігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар өткізіледі. Аудандық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеруді біліктілікті арттыру институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бұгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлышыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған.

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз. Педагогикалық ұжымды басқара отырып, әрбір педагогтың жетістіктерін жүйелі бағалау, бүкіл ұжымның бағалай білуіне қол жеткізуге үлкен маңызды ие.

Барлық педагог саны – 4.

## Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

№	Педагогтар саны (пән мұғалымдерін қосқанда)	Менгеруші, әдіскерлер, тәрбиешілер	Оның ішінде		Үлесі	Баға
			"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі жоқ		
1.	Кырманшина Д.С.	Менгеруші	бакалавр, магистр	-		
	Смагулова А.А.	Әдіскер		АҚ «Өрлеу»біліктілікті арттыру үлттық орталығы. «Мектепке дейінгі білім беру үйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»		
	Қасымбек А.Т.	Тәрбиеші		1.АҚ «Өрлеу»біліктілікті арттыру үлттық орталығы. «Мектепке дейінгі білім беру үйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 2.Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми –әдістемелік орталығы АҚ» 2362 «Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер» 2362-0-001 «Тәрбиеші» 3.ТМД елдері бойынша		

				жүйесін дамытудың халықаралық қоры»ҚҚ- да 432 сағат 2362-«Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер» 2362-0-001 «Тәрбиеші»		
	Сергазина А.М.	Тәрбиеші		1.АҚ «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 2.Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми –әдістемелік орталығы АҚ» 2362 «Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер» 2362-0-001 «Тәрбиеші» 3.ТМД елдері бойынша техникалық білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры»ҚҚ- да 432 сағат 2362-«Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер» 2362-0-001 «Тәрбиеші»		
	Абдыкашова С.Ж.	Тәрбиеші		АҚ «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын		

				құзыреттілігін дамыту»		
	Бекбосынова Б.Ш.	Тәрбиеші		Алматы қ, Білім басқармасы «Жоғары санатты тәрбиеші деңгейі» біліктілік санаты берілді.		

## Педагогтардың білім көрсеткіші

### Педагогтар жайлы мәлімет

№	ӘТЖ	Лауазымы	Тұылған жылы	Білімі	Білім беру мекемесі (оқуын аяқтаған жылы)	Мамандығы	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі
1	Кырманшина Д.С.	менгеруші	02.06.1990	Жоғары	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университет -2014 ж	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	жоғары

2	Смагулова А.А.	әдіскер	29.10.1985	Жоғары	Казахский университет международных отношений и международных языков-2013	Халықаралық құжат танушы	-
3	Қасымбек А.Т.	тәрбиеші	21.10.1982	Жоғары	КазАТК им.Тынышпаева-2003	Международный туризм на транспорте	-
4.	Сергазина А.М.	тәрбиеші	18.11.1992	Орта	Гуманитарный колледж КазНур-2013	Бастауыш білім беру	орта
5	Абдыкашева С.Ж.	тәрбиеші	20.01.1972	Жоғары	Абай атындағы Мемлекеттік университеті-1996	Химия және биология пәндерінің мұғалімі	

6	Бекбосынова Б.Ш.	тәрбиеші	04.06.1974	жоғары	М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті-2005	Бастауыш сыныптар мұғалімі	жоғары
---	---------------------	----------	------------	--------	---	-------------------------------	--------

## **Педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс көрсеткіші**

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ұжымның мәртебелік жағдайын артыру үшін маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе кеңістігінің үлкеюін бірнеше аспектілерден көруге болады. Сонымен қатар, бейімделген бағдарлама бойынша ересек тобының педагогтары жұмыс жүргізу кеңістігін жүзеге асыруда.

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың заманауи талапта сай, жаңа инновациялық технологияларымен еңбек етуі, прогрессивті тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады.

### **3. Тәрбиеленушілер контингенті**

«Айсана» балабақшасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, жылдық жоспар бар.

Балабақша қызметінің маңызды түрінің бірі болып балаларды мектепке дайындау болып табылады. Осы бағыттағы мақсаттарға қол жеткізу және 4 жастан бастап балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау процесінде жоғары дәрежеде қамту мақсатында ересек тобы жұмыс істейді.

### **4. Оқу-әдістемелік жұмыс**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы, оқу жоспарындағы әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған. Оқу жүктемесіне бес білім беру дағдысы мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеумет». Мектепке дейінгі ұйымда білім және тәрбие беру үрдісі Қазақстан Республикасының Конституция мен «Білім туралы» заңына сәйкес іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын қолдану барысы, балалардың денсаулықты сақтау, тілдік-коммуникативтік, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына бағытталған.

## Жылдық міндеттемелер

<b>Оқу жылдары</b>	<b>Жылдық міндеттемелер</b>
2021-2022	<p>1. Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету.</p> <p>2. Жас үрпақтың ана тілін, елін туған жерін сүйетін, өз елінің мәдениетін қастерлейтін рухани байлығы мол үрпақты тәрбиелеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дамытушылық ойындарын қолдану арқылы балаларды жан-жақты дамыту;</li> <li>-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісінде ата-аналар мен педагогтардың әлеуметтік серіктестігін дамыту.</li> </ul>
2022-2023	<p>Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіптік ережесі, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру.</p> <p>2. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дene бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының үлттық салт-дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.</p> <p>Ертеңгілік жаттығулар мен дene тәрбиесі бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған іс-шаралар сапасын арттыру.</p>
2023-2024	<p>1. Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету.</p> <p>2. Жас үрпақтың ана тілін, елін туған жерін сүйетін, өз елінің мәдениетін қастерлейтін рухани байлығы мол үрпақты тәрбиелеу.</p> <p>3. Әлеуметтік және өзін-өзі үйрету дағыларын қалыптастыру</p> <p>Бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, толыққанды дene бітімін дамыту.</p> <p>Үлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;</p> <p>Баланың танымдық дамуы, интелектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру, танып білуге қызығушылығын арттыру;</p> <p>Баланың бойында эстетикалық сезімді дамыту, бейнелеу, көркемдік-тілдік, музикалық іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>Баланың сөйлеудің және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін менгеруге дайындау.</p>

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартын енгізу барысында, инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншікке ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау еki этаптан тұрады: бірінші этап-өзін-өзі бағалау; екінші этап-аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік, қызметкерлер және ата-аналармен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларын, ақыл ой және сөздік логикалық есептерді кеңінен қолданды. Педагогтардың күш-жігері балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан, заттар әлемінен тәжірибе жасау барысында қабылдау сезімдерін оятуға бағытталған.

Барлық педагог-мамандар кәсіби біліктілігін көтеріп, компьютерлік сауаттылықтарын менгеріп отырады. Білім беру үйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне инновациялық, сын тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмектер көптеп көрсетіліп отырылады. Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізуіндегі жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып тұрады. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында топ тәрбиешілері оқу жылына арналып құрылған перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

«Физикалық дағды» бойынша жыл бойына алынған міндеттемеге сай бағдарламалық талаптар ойдағыдай өз шешімін тапты. Балалардың физикалық денсаулығының артуына бала бойына өмірлік маңызы бар шымырлық, икемділік, ептілік, қыындыққа төзімділік сияқты дене сапаларын тәрбиелеу мен жетілдіруде жүйке, сезімдік және қимыл орталықтары бір-бірімен тығыз байланыста болатындығын көруге болады. Соған орай балабақшамызда шынықтыру жұмыстары ойдағыдай жүзеге асырылады. Мысалы, тәрбиеленушілер арасында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет пен эстафеталық ойындар өткізілді.

«Коммуникативтік дағдылар» бойынша бағдарламаның барлық бөлімдерінің ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын мемлекеттік тілде қарым-қатынас пен өзара іс-әрекет құруда пайдалануды, дыбыстарды анық айтуды, өз ойын толық сөйлемдер құру арқылы жеткізуге, тілдің қажетті лексикалық және грамматикалық құралдарын талдау

және оларды ойын барысында, сөздік шығармашылық және іс-әрекеттің басқа түрлерінде пайдалану мүмкіндіктері менгерілді. Тілдік даму құралдары мүмкіндігінше толықтырылды. Топтардың арасында қыыршақ театр бұрышын жинақтау барысында байқаулар ұйымдастырылып, бала тілі мен қиялын дамытуға арналған ертегілер құрылып, күнделікті оқу қызметінде қолданыс тауып отырады. Атап айттар болсақ «Тәуелсіз ел тірегі», «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты тақырыптарда мерекелік және тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізіліп отырылады. Рухани жаңғыру аясында кіріктірілген іс-әрекет «Наурыз – жыл басы» атты ашық іс-әрекет өткізілді.

**«Танымдық және зияткерлік дағдылары»** бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш бойынша көрсетілген. Жылдық міндеттерді басшылыққа ала отырып, балаларды қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, алға қойылған міндеттерге жету, экологиялық білімді менгеріп, сұрақтар қоюға, эксперимент жасауға, себеп-салдарлық байланыстар орнату дағдылары қалыптастырылды. Құрастыру бойынша іс-әрекеттегі ойды жүзеге асырып, заттарды олардың жалпы түсінігі негізінде біріктіруге және оларға ауызша анықтамалар беруге мүмкіндік жасалынды.

**«Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»** бойынша оқу жылында балалар музика, өнер туындылары және ұлттық шығармашылыққа өзінің қатынасын білдіруге мүмкіндік алды. Көркем құралдармен жеке көркем образдар жасаударына толық жағдай жасалынды.

**«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»** бойынша барлық іс-шаралардың бағыты әлеуметтік-имандылық тәрбие міндеттерін шешу жолында мәдени кештер іс-әрекеттері арқылы шешілді. Балалар Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың салт-дәстүрлерімен танысты. Ойын-сауықтар нысандарында түрлі тұлғаларға деген сүйіспеншілік сезімдері мен жылы қарым-қатынас сақтау қалыптастырылған. Мамандармен жұмыс барысында кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, педкеңестер, семинарлар, байқаулар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер т.б. іс-шаралар тәрбиешілердің біліктілік деңгейлерінің жоғарлауына әсер етті. Балабақшамыз аудан, округ, балабақша көлемінде өткізген іс-шараларға балабақша ұжымы ұйымшылдықпен белсенді жұмыстар атқарды. Атап айтсақ ертеңгіліктер, ойын-сауық шаралар, ашық сабактар.

Музика оқу қызметі басқа пәндерден ерекшелігі- балалардың өз бойындағы өзгешеліктерді, әсемдігін, әдемілігін сезе білуге баулиды. «Ұлттық ойындар» сәтінде балалар өз бойына әдеп, дәстүр, әдettі сіңіреді. Сонымен қатар- тәртіп, әділдік, кішіпейілділік, жомарттық жайлы ата-дәстүрімізді енгізіп отырамыз. Тақырыптық ертеңгіліктер «Кел жемісті алтын күз», «Ана аса қымбат жан», «Қош келдің жаңа жыл», «Ұлыстың ұлы күні», «Жеңіс туы желбіре» т.б. балабақша мен отбасы арасындағы байланыс өте тығыз деп айтуда болады. Себебі: жас үрпақты қазіргі заман талабына сай тәрбиелеуде ата-аналардың ықпалы зор. Ата-аналар қызметін ерекше көмекшілер ретінде тарта отырып, ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту арқылы келер үрпакты енбекке. Өнерге бағыттау. Үлкенге

құрмет, кішіге ізет көрсету, яғни адамгершілік тәрбиесіне баулу.

Балалармен жұмыс: Баланың балабақшаға қалыптасуы, балалармен қарым-қатынасы, ата-анамен қарым-қатынасы, тәрбиешілермен қарым-қатынасы, баланың қының кезеңдерімен жұмыс, топта психологиялық ахуалы бар баламен жұмыс, тәрбиешілермен жұмыс, әкімшілікке әлеуметтік-психологиялық көмек т.б ата-аналармен жұмыс: жанұялық тәрбие стилін анықтау, психологиялық ағарту және профессионалдық (дәріс, әңгіме, әдебиеттер ұсыну) түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу.

Дене тәрбиесі барлық топтарда мемлекеттік стандартқа сай өткізілуде. Жаз айларында жалаң аяқ жүру, сусындар мен шырындар ішү, дене шынықтыруды таза ауда өткізу, спорттық жарыстар мен ойын сауықтар ұйымдастырылды. «Дені сау жас ұрпақ», «Шынықсан шымыр боласын» атты тақырыптарда ұйымдастырылған ашық іс-әрекет өткізілді. Сондай-ақ 1-ші маусым балалар қорғау күніне арнап «Әрқашан күн сөнбесін!» атты спорттық мереке ұйымдастырылған .

Өздігіне қозғалу белсенділігіне келсек, ортаңғы, ересек топ балалары өздері жаттығуларды орындаپ, спорттық жаттығуларды әр түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын өздері жүргізе алады. Балабақшада дене тәриесінде халық педагогикасының элементтерін пайдаланып, ұлттық ойнар ойнауга балалардың қызығушылығын арттырып отырады.

#### **4.Оқу тәрбиелік жұмыс**

Қазіргі замандағы білім беру сапасы педагог-мамандардың кәсіби шеберліктеріне, тәжірибесі мен біліміне байланысты. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық құрылымның сапасын сұрыпталу бойынша жүргізіледі. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мекеме жарғысымен, мектепке дейінгі мекеме тәртібіне сай

нормативтік-құқықтық құжаттармен келісіліп уақытылы және парасатты, жүйелі турде іске асырылады. Мектепке дейінгі мекемесінің оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған. Тәрбиеленушілердің оқу қызметінің ұзақтығы мен жас ерекшелігі ескерілген. Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүстемесінің шеңбері белгіленген. Оқу қызметінің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінің өтілуі педагогикалық кеңесте, топтық және жалпы ата-аналар жиналыстарында қаралып отырылады.

Ой-өрісті жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымы жоғары жан-жақты қалыптасқан қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуге, ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, рухани және дене тәрбиесінің жетілуіне педагогтардың тәрбие беруде ықпалы зор.

Балабақша тәрбиешілері балаларға берілетін білімнің сапалылығына, меңгеруі мен жеңіл де тиімді болуына әртүрлі ойындар, көркемде әдемі көрнекіліктерді, таңғажайып сәттерді, көптеген жағдайлар мен жаңашыл тәсілдерді енгізіп, білімалу қажеттілігін ынталандырады.

Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған. Көрсетілген мақсатқа жетуде келесі қызмет түрлерін іске асырады:

- балаларды терендетілген тұлғалық-бағдарлы тәрбиелеу және оқыту, мектепке дайындау, баланың физиологиялық және психикалық денсаулығын нығайту, түзету және қалыптастыру;
- балаларды жан-жақты дамыту, балалардың қызығушылығын ата-аналар арқылы жұмыс істеудің жаңа түрлері мен әдістерін құру және енгізу;
- қызметкерлердің балабақша үшін ұлес қосқан еңбектерін марапаттау;
- қызметкерлердің шығармашылық дамуына жағдай жасау;
- қоғамымыздың әрбір мүшесінің құқығын қорғау.

Бүгінгі таңда, еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнымен қамтамасыз ету міндеті түр. Адам тәрбиелеу – ең қыын да жауапты жұмыс. Сол қыындықты терең сезінетін, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам ғана ұстаз бола алады. Ол үшін әрбір ұстаздың бойында терең білім, өз ісіне деген төзімділік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттері болу керек.

Мектепке дейінгі ұйымда патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Жылдық жоспарға байланысты тақырыптық оқу қызметі, әдеби-музыкалық кештер, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, «Күзгі бақшада», «Айналайын ақ мамам!», «Кел жаңа жыл!», «Ұлыстың ұлы күні», «Мәңгі есімізде» атты өртеңгіліктер өткізіліп тұрады.

Осы іс-шараларға байланысты табиғи материалдардан жасалған көрмелер, байқаулар өткізіледі. Осы жұмыстардың барлығына балалар, педагогтар, ата-аналар белсенді қатысады. Жыл бойы ата-аналар мектепке дейінгі ұйымдарда болып жатқан мерекелерге, ойын-сауықтарға, жарыстарға өз ықыластарымен белсенділік танытып отырады.

### **Қатысу-спорттық-сауықтыру көнсінің негізгі функциялары:**

- ✓ Дене тәрбиесі бағдарламасының инвариантты және варианты бөлімдерін сапалы іске асырып келеді.
- ✓ Балалардың физикалық дамуының мониторингі жүргізіледі;
- ✓ Балалардың дене дамуындағы ауытқуларды болжау, қалпына келтіру шаралары іске асырылады;
- ✓ Балалардың санаында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлерімен ата-аналары арасында тығыз байланыс орнатылады.
- ✓ Балалардың тамақтануына ұлken көңіл бөлінеді. Күнделікті тамаққа көкөністер, сұтті, тәтті тоқаштар, ірімшік, сапалы жаңа жемістер, шырындар мен сусындар беріледі.
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы білім аймағында мемлекеттік саясатты ұстанады. ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын басшылыққа алады.

### **Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту шаралары**

Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту мақсатында «Денсаулық бұрышы» жасақталған. Ол жерде балалар кесте бойынша сауықтыру-шынықтыру жаттығуларын жасайды. Оған қоса төмендегідей әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

- ✓ Тұмаудың алдын-алу шаралары: оксалиндік жақпа майы, лимон сусыны, пияз, сарымсақ алқасы.

- ✓ Балалар денсаулығын жақсарту бойынша медициналық-алдын-алу кеңесінің жүйелі жұмысы бала денсаулығының күшеюіне ықпал жасайды, әсіреле жиі ауыратын балалар тобымен жүргізілген жұмыс нәтижесін айта кету керек.

### 3. Оқу-материалдық активтер

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескеріліп, балабақшаның материалдық- техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, маусымдық кезеңдермен безендірілген. Балабақша мұздатқыштармен, технологиялық құрал-жабдықтар, жиһаздар және төсек әбзелдері және орамалдармен түгелдей жабдықталған.

Музыка, би, дене шынықтыру оқу қызметтерін сапалы жүргізуге арналған бөлме аспаптармен, дене шынықтыру залы спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар балабақша ауласы көгалдандырылған, яғни, гүлдер мен гүлзарлар көптеп отырғызылған.

Ас бөлмелері арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқышар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындастын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшеттін арнайы электронды таразы да бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафттар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі де бар. «Айсана» балабақшасында балалар 5 рет тамақтанады. Бірінші тамаққа дәрумендер қосылады.

Кір жуатын бөлмеде, әр топтың кір төсеништері қабылданып арнайы себетке салынуда. Кір жуатын 1 кір жуғыш машина орналастырылған. Кір жуатын бөлмеде арнайы карантинге арналған ванна да орналасқан, сондай-ақ кір орамалдарды жібітуге арналған және карантин кезіндегі орамалдарды дезинфекциялауға арналған ыдыстар да бар. Мектепке дейінгі мекемедегі баланың денсаулығын демеу және сақтау қорларының талабы мектепке дейінгі нормативтік құжаттарға толығымен сай келеді.

Ақпараттық мәдениет – бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өндөу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.


Балабақшада 1 компьютер және 1 ноутбук, оның 1 интернет желісіне қосылған, 1 теледидар бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтарымен және көрнекі құралдармен жабдықталған. Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отырады.

#### **4. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау**

Улгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг 2021-2023 оқу жылдарының көрсеткіш нәтижелері:

Оқу жылдары	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей	%
2021-2022	44	2%	30%	68%	100%
2022-2023	75	0%	19%	81%	100%
2023-2024 Бастапқы Аралық	75				100%

**Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша  
«Айсана» балабақшасы 2023-2024 оқу жылы**



**9. Ғылыми зерттеу жұмысы**

Педагогикалық еңбек негізінде нағыз шығармашылық еңбек, ғылыми зерттеуге жатады. Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ғылымға ынталандыру, ұжымда мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Педагогикалық еңбек негізінде нағыз шығармашылық еңбек, ғылыми зерттеуге жатады. Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ғылымға ынталандыру, ұжымда мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Педагогикалық және менгеруші өткізетін кеңестерде тыңдалатын шығармашылық-әдіснамалық іс-тәжірибелеріне шынайы ұсыныстар жасауға ұмтылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың ережелеріне сәйкес келетін ең өзекті, құнды педагогикалық ұлттық ғылыми-әдіснамалықты өз іс-тәжірибесінде қолданады және ұсынады. Мектепке дейінгі мекемедегі педагогтар оқу қызметін басқару жұмысында төмендегідей жорамалдарды пайдаланады:

- оқу қызметіне жоспар жасау және оны жүзеге асыру, шығармашылық дағдыларын дамыту;
  - жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану және шығармашылық өсуіне мүмкіншіліктер тұгызу;
  - педагогикалық тәжірибе таратуға жағдай жасау;
- Ұжымдық қызметте қызметкерлерге қолдау мен қызмет атқаруына жағдайлар жасау.

## **10. Ұжым қызметі деңгейінде педагогтардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін енгізу, зерттеу**

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың жан-жақты тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады, сондықтан да ол зерттеліп, әріптестердің жұмыстарына енгізілуге ұсынылып отырылады. Педагогикалық ұжым аудан көлемінде ашық оқу қызметтерін, педагогикалық кеңестер, бақылау мен басшылық, семинарларға қатысып, жаңа заманға сай қарқынды дамып, тәжірибе алмастырылуда.

МДҰ-да ғылыми-тәжірибе әдістемесі-педагогтардың бірлесе әдістемелік сұрақтары және кәсіби мәселелерді бірлесе талқылауы, іс-тәжірибелерді өзара бөлісуі, жас педагогтарды үйрету болып табылады. Әрбір ғылыми қызмет тәжірибеден басталады. Сондықтан, жұмысты жоспарлап, өткізу үшін әр педагогтың белгіленген білімі болуы керек және талдау, зерттеу, дағдыларын білуі шарт. Педагогтар ғаламтордағы әр түрлі тақырыптарда жазылған ақпараттарды, оқып өз білімдерін көтеруде.

## **11. Мектепке дейін білім беру жүйесінің дамуына арналған жаңа, инновациялы бағдар саласындағы алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені жетілдіру**

Қазіргі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиені, адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осы ретте ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, тілдің, халықтың педагогиканың тағдыры мен болашағы балабақшадағы тәлім-тәрбиеге байланысты екені анық. Барлық уақытта баланы қоғамда әдемі, инабатты әдептілікке тәрбиелеуге үлкен көніл бөлген. Бағдарламада балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс бағыт түрлері мен әдістері көрсетілген.

Педагогтардың қызмет сапасы тиімділігінің көрсеткіші кәсіби мәдениет болып табылады. Біздің ұжым қызметінің басты бағыты-жалпы және кәсіби мәдениетін дамыту. Балабақша педагогтарының кәсіби дамуы-адамның өз кәсібінің шебері, нағыз кәсіби шебері болып қалыптасу мақсатында жүретін ұзақ үрдіс. Біздің ұжымда бұл жұмыс әр педагогқа оның шығармашылық еңбекке ынтасы, табиғи қабілеті, ой-пікірі, еңбек тәжірибесі есепке алына отырып, дифференциалды бағдар деңгей ретінде ұйымдастырылған түрлі бағдарламалар қолданылады:

- сенімді жұмыс атқаратын педагогтар;
- ерекше бақылау мен көңіл аударуды талап ететін педагогтар;
- тәжірибесі мол әріптестерінің көмегіне иек артатын жас педагогтар.

Дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге, белсенді тәсілдер, іскерлік ойындар, пікір-сайыс, дөңгелек үстел, ойға шабуыл, шеберліктерін көрсету, коучинг сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Осындай жұмыстың түрлері педагогтардың шеберлігін арттыруда, өзін-өзі бағалауға, әдеби кітаптарды өз жұмысына пайдалана білуіне, ізденімпаздықтарын арттыруға жетелейді. Педагогтардың шығармашылық мүмкіншіліктеріне кәсіби өсу деңгейі мен жеке бағыттық педагогикалық құзыреттілігінің өзгерістері әсерін тигізеді. Педагогтардың кәсіби өсу деңгейін, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәдениетін, шығармашылығын анықтау үшін мониторинг көрсеткіштері жүргізіледі.

## **12. Алматы қаласы , Әуезов ауданы, ЖШС «Айсана» балабақшасының өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау**

Балабақша бойынша білім мен тәрбие беру жүйесінің оның сапасын арттыруға бағытталған динамикалық өзгерістерді бақылауға болады. Бұл педагогтардың интеллектуалдық жағынан даму және баланың батыл, өз ойын толық жеткізе алатын, жайдары, кішіпейіл, ақылды, парасатты, білімді болып өсуінің негізгі көрсеткіштерінен, бағытталған мүмкіндіктер барысында тұрады:

- педагогтың білім, іскерлік, дағдыларының негізгі деңгейін игеруде балаларға қоятын талабын жасына қарай және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, көлемін ұлғайтып ұйымдастыруға жағдай жасау;
- толық кеңістікті құрып, баланың жеке дамуына кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету, баланың сөйлеуін, сауат ашу негіздерін менгерту, деңсаулығын нығайту, толыққанды дene бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;
- өз мүмкіндіктеріміздің құшіне сәйкес таңдаған жолдан, қойылған мақсаттан тайынбауға тырысамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың стратегияларын жасауга барлық құш-жігерімізді біріктіру

қажеттілігін арттырудамыз. Осылайша, балабақша қызметінің мақсатына қол жеткізу барысында ұжымдық жұмыстардың тәжірибесі балабақшадағы педагогикалық процестерге қорытынды жүргізуге, оның нәтижелерін алдағы жүргізілетін жұмыстарды іске асыруға, қойылған мақсаттарға жетуге үлкен септігін тигізеді деп білеміз.

### **Шешімі:**

Аттестаттау комиссиясы жұмыстардың нәтижесі мен қорытындысын талқылай келе ұсыныстар берілді:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартына сәйкес орындау бағыттарын жалғастыру;
- Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жаңа инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану;
- Әдіскер жас маман педагогтарға циклограмманы жазуға және мониторинг жұмыстарын дұрыс жүргізуге көңестер өткізу;
- Оқу қызметін ұйымдастыруда педагогтар тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда дамыту моделін белсенді пайдалану;
- ҚР-ның «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог мамандарды өз уақытылы қурстық дайындықтардан өткізу.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпы міндettі стандартының талаптарына сай екендігін көрсетті.

### **1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы:**

ЖШС «Айсана» балабақшасының

Менгеруші: Онгарбаева Ж.Б.

### **2. Аттестаттау комиссиясының мүшелері:**

- 1) Смагулова А.А. - әдіскер;
- 2) Қасымбек А.Т. –тәрбиеші, комиссия мүшесі;
- 3) Абықашева С.Ж. -тәрбиеші, комиссия мүшесі.

\

Білім беру үйымдарын бағалау  
өлшемшарттарына  
5 – қосымша

**Бағалау парагы**  
**«Айсана» балабақшасы**

№	Бағыттар мен бағалау өлшемшарттарының атауы	Баға
<b>1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнына қойылатын талаптар</b>		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	uzdik
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	uzdik
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері	uzdik
<b>2. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар</b>		
2.1	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір үйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	zhaqsy

**1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы:**

ЖШС «Айсана» балабақшасының  
Менгерушісі Онгарбаева Ж.Б.

**2. Аттестаттау комиссиясының мүшелері:**

- 1) Смагулова А.А. - әдіскер;
- 2) Қасымбек А.Т. –тәрбиеші, комиссия мүшесі;
- 3) Абылқашева С.Ж. -тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Білім беру ұйымдарын бағалау  
өлшемшарттарына  
6-қосымша

### **Ересек топтағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама (4-5 жастан бастап)**

Күрметті ата-аналар! Комиссия білім беру ұйымына бағалау жүргізеді. Біз Сіздің балаңыздың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жас топтары бойынша менгерілуі тиіс білім, білік, дағды көлемін табысты игеруіне мүдделіміз. Сіздің жауабыңыз бізге тәрбиеленушілердің жетістіктеріне объективті мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сондықтан Сізден сауалнаманы жеке толтыруыңызды сұраймыз. Інтымақтастық үшін рахмет!

Сауалнаманың мақсаты: балабақшаның атқарған жұмыстарындағы іс-әрекетінің оңтайлы және жағымсыз жақтарын анықтау. Қатысқан ата-аналар саны – 20. Бала контингенті – 75

№	Сұрақтар	Қорытынды
1	Денсаулық сақтау дағдылары бойынша	Ата-аналардың жауабы 100%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылары бойынша	Дұрыс жауап 100%
3	Танымдық дағдылары бойынша	Дұрыс жауап 100%
4	Шығармашылық дағдылары бойынша	Дұрыс жауап 100%
5	Әлеуметтік дағдылары бойынша	Дұрыс жауап 100%

**Қорытынды:** Сауалнаманың негізгі салалары бойынша балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс.

Ата-аналармен өткізілген сауалнамалар қорытындысында өте жақсы деңгейде екенін көрсетті.